КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 8 қазан № 1013-24-00-2/2122 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Байкумбаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «МАТАІ» Айтқали Ақерке Абдуахитқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «МАТАІ» Айтқали Ақерке Абдуахитқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «МАТАІ» Айтқали Ақерке Абдуахитқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер Жеке кәсіпкер «МАТАІ» Айтқали Ақерке Абдуахитқызынан 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 08.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Байкумбаева А. С., 22.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхаткелтіруі мүмкін.

Судья **А.С. Байкумбаева**

Көшірмесі дұрыс,

Судья **А.С. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 08.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Байкумбаева А. С., 22.11.2024

1013-24-3-1/2118